Тәуелсіздік–тұғырым

Алаш үшін жүрегін алау еткен
Әрдайым мұратына жетер халық,
Қашаннан осы шындыққа көкей қанық.
Оралды үш арысым өз еліне
Ермеков, Ақбайұлы, Бөкейханов.

ТҰҢҒЫШ ЗАҢГЕР

Биылғы жылы, яғни 2016 жылы Алаштың асыл азаматы Жақып Ақбайұлының туғанына 140 жыл толды.

Жақып жүз немесе екі жүз жылда даталық көрсеткішпен ғана аталып өтетін тұлға емес. Жақып атамызды қазақ білуі, құрметтеуі шарт. Ол кісінің бүкіл еңбектері әр қазақтың жадында сақталуы тиіс.

Біздің мектепке 1991 жылы қазақтың тұңғыш заңгері, қоғам қайраткері Жақып Ақбай атамыздың есімі берілген. Қараменде би ауылында Ақбайдың Жақыбының туған жеріне, 135 жылдығына орай ескерткіш тақта орнатылды. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қажырлы күрескер, «Алашорда» үкіметінің мүшесі, ғалым, қазақтың тұңғыш құқық магистрі Жақып Ақбаев 1876 жылы 7 қарашада Ақтоғай ауданы, Қараменде би селолық округіне қарасты, Ақбай қыстағында, Сарыарқа өңіріне танымал атақты Ақбай әуле-тінде, дәулетті отбасында дүниеге келген.

Жақып Ақбайев өз қолымен толтырған, Санкт-Петербург мемлекеттік мұрағатында сақталған өмірбаянында: «Мен 1886 жылы Қарқаралыдағы қазақ интернатына оқуға түстім, 1888 жылы Омбы гимназиясына тіркелдім, бірнеше жылдан кейін Том қаласындағы гимназияға ауысып, оны 1898 жылы бітірдім» деп жазады. Санкт-Петербург университетінің мұрағатында сақталған аттестатында: «Ж.Ақбаевтың Том гимназиясында оқыған жылдары тәртібі өте жақсы болды, сабаққа тыңғылықты дайындалып, тұрақты қатысты, жазба жұмыстарды сауатты орындады, оқуға ықыласы, білімге ынтасы жақсы» деп көрсетілген. Аттестатта айшықталғандай, физика, математика пәндерінен, логика мен тарихтан, географиядан өте жақсы бағалар алған. Содан соң, жоғарыда айтқанымыздай, сол 1898 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Бұл факультет Ресейдегі беделді оқу орындарының бірі ретінде, дәл сол кезде атағы кең тараған еді. Санкт-Петербург Археология институтына түсіп, толық курсын тәмәмдайды. Студент кезінен саяси күреске араласып, «Санкт-Петербургские ведомости», «Дала уалаяты» газеттерінде азаттық жолындағы мақалаларын жариялайды.

Санкт-Петербургте Ж.Ақбаев Александровск даңғылы бойындағы 7-үйдің 3-пәтерінде жатып оқиды. Алғашқы жылдары Жақыптың жанында одан бір курс жоғары оқыған Айдархан Тұрлыбаев бірге тұрады. А.Тұрлыбаев есімі де ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары, Алаш қайраткерлері қатарында зор құрметпен аталады. Әуелден сыйлас, достар болған екі тұлғаның жолы кейін қызметке араласқан жылдары да тоғысып отырады.

Жақып Ақбаев ауылда, қазақ сақарасында өткізетін жазғы демалыс уақытында да өзін оқыған, байыпты, болашақ күрескер ретінде таныта білген. Ел арасын індеттей жайлаған зорлық-зомбылыққа, заңсыздыққа қатысты өз ойын ашық білдіріп отырған. Әділіне араша түскен, таразы болған. Оған мысал ретінде, 1900 жылы шілде айында Семей округтік кеңсесіне мынадай мазмұндағы шағым хат түскенін келтіре кетсек те жеткілікті болар: «Қарқаралы уезінде тұратын қазақ Жақып Ақбай поштабай Бәкен Өтеулинге, Берікқара болысынан өтіп бара жатқан тұста өрескел мінез-құлық көрсеткен, өз ісін алаңсыз атқаруға кедергі келтірген...» Анығында, әлгі атшабар Ақтай Бақаев деген қыр қазағының аттарын лауға деп заңсыз қуып алған екен... Ал аталмыш атшабар ел арасында сыйымсыз, әпербақан, аралық адам болса керек. Бұдан ел үстінен күн көріп жүрген, «барып кел, шауып келге» үйренген жас Жақыптың батыл тойтарыс беріп отырғанын, қара халықтың жағында болғанын, солардың мұң-мұқтажын жоқтағанын көреміз.

Ресей астанасында оқыған жылдары Жақаңның саяси көзқарастары да демократиялық арнада қалыптасады. Патшаның монархиялық билігі, парақор үкімет аппаратының әділетсіздігі жас жігітке ой салып, өз халқының тұрлаулы тағдыры, байлаусыз болашағы толғандырады. Санкт-Петербургте Жақып мырза озық ойлы азаматтармен жақын араласып, сырласпікірлес болады. Мұндай жылы шырайлы кездесулерде мемлекет құрылымын конституциялық жолмен өзгерту, әділетсіз билікке қарсылық көрсету жөнінде саяси әңгімелер қозғалады. Университет қабырғасында жүріп Ж.Ақбаев екі мақала жазып жариялайды. Оның бірі – «Санкт-Петербургские ведомости» газетінде жарық көрген, үкіметтің салық саясатын сынаған мақаласы. Кейін мақала қазақшаға аударылып, «Дала уәләяты» газетінің 1900 жылғы 12 санында қайта басылады. Жақып ағаның сол кездің өзінде-ақ қалыптасып қалған зейін-зердесі, парасат-пайымын байқай аламыз.

Жақып Ақбаев 1905 жылы 15 қарашада Қарқаралыдағы халық манифесінің алдында: «Мен сендердің мұң-мұқтаждарыңды жоқтау үшін әдейі қызметтен босап, басымды азат етіп келдім»,– деп мәлімдейді. Содан бастап Жақып Ақбаев азаттық үшін, тәуелсіз мемлекет үшін арпалысты. Сол үшін тергеуге тартылды. Ондағы жауаптарынан-ақ өжет те алғыр күрескердің азатшыл рухы танылады. Ол туралы Семей әскери-губернаторының міндетін атқарушы А.Тройницкий Дала өлкесінің генерал-губер-наторына:

«1905 жылы 15 қарашада Қарқаралы халқы жиналған алаңда ояз бастығы Оссовский патша ағзамның 17 қазандағы манифесінде жария етті. Осы жиында сөйлеген Ж.Ақбаев патшаның халыққа сыйлаған бостандықтарын басқаша түсіндірді. Негізінен қазақтар мен татарлар жиналған тобырға: енді крестьян бастықтары мен ояз бастығының бізге керегі жоқ, ауылдарыңа келсе оларға ат-көлік бермеңдер. Жаяу қуыңдар, ал қазақтан шабарманы келсе – басына су құйып жіберіңдер, орысша барманы келсе – қуыңдар. Бұрын қазақты орыс билесе, енді орысты қазақ билейді»,– деген.

Манифест туралы сөйлеп тұрып ол патша ағзамға да тіл тигізген: «Бұдан былай ол – патша емес, біздің құлымыз. Патша бостандықты еркімен берген жоқ, біз одан тартып алдық»,– деген. Келесі күні намазға жиналған халыққа барып: «Патшаның абыройы ашылды, оның соры қайнады»,– депті.

Міне, осы әрекеттері үшін ол сотқа тартылды. 1906 жылғы тамызда Омбы соты Ақбаевтің ісін қарағанда, куәлар түгел келмеді, келгендер дұрыс жауап бермеді. Омбы облыстық соты оны 1906 жылғы 4-тамызда еріксіз ақтап жіберді…

Ақбаевтың айтқандары босқа кеткен жоқ, көшпенділердің санасына сіңіп, өз нәтижесін бере бастады. Ақбаевтың өмірі мен қызметі, саяси серіктері

А.Байтұрсынов және Ж.Досмухамедов тағы басқа Алаш ардагерлерімен үндес келеді. Ақбаев қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, соның ішінде отбасы-неке құқығын зерттеп, баспасөз бетінде публицистикалық материалдар жариялады. Қазақтың әдет-ғұрып, некеотбасы мәселелері туралы көптеген еңбектер жазды. Абай аулымен қоңсы қонып, жастайынан ұлы ақынның өлеңдерін жаттап өсті. 1909 жылы Абай жырларының Петербургте кітап болып шығуына қолғабыс жасады. «Қазақстандағы семьянеке қатынастары» (1907), «Қазақтың шығу тегі туралы» (1927) тағы басқа ғылыми зерттеулері Абайдың қарасөздері мен «Бірер сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» шығармаларымен үндеседі. Алашорда қоз-ғалысына белсене қатынасып, Семейде қызметте жүрген кезде Әуезовпен таныс-біліс, пікірлес, аралас-құралас болған.

Алаш қозғалысының көрнекті басшыларының бірі Міржақып Дулатов сол кезде «Қазақ» газетіне "Қайтсек жұрт боламыз?" деген мақала жазып, "Жауап біреу-ақ, әскеріміз болса ғана жұрт боламыз" – деп өзі жолын көрсетеді. Алаштың көрнекті қайраткерлерінің бірі Жақып Ақбаев «Әскер құрамы 26,5 мың адам болуы қажет» деген ұсыныс жасайды. Алаш әскерінің атқаратын басты міндеті: ақтар мен қызылдардың арасындағы соғысқа бару емес, елінің тыныштығын сақтау, сырттан келген жауға қарсы тұрып, еліне қорған болу делінген. Әскердің түрі атты әм тұрақты әскер прин-ципімен құрылады. Патшалық Ресей Қарулы Күштерінің құрылымы үлгі ретінде алынады. Ұлттық әскер құруда ақгвардияшылдардан көмек алу ұйғарылып, ақгвардияшылар мен казак офицерлері алаш әскерін құруға нұсқаушы ретінде тартылды. Оларға жылына 810 мың сом жалақы тағайындалады. 100 милиционерге (жауынгерге) бір офицер, елу милиционерге бір нұсқаушы бекітіледі. 30-35 жастағы қазақ азаматтары ерікті түрде әскерге алынатын болады. Сарбаздарға Алаш үкіметі қазынасынан жалақы төленеді. Оның мөлшері жергілікті жердің қаржы мүмкіндігіне байланысты шешілді. Әр жауынгер өзіне қаружарақ, ер-тұрман, жүген, киім сатып алуға тиісті делініп, ол қаржыны жергілікті Алашорда үкіметінің органдары бөлді. Әскери қызмет мерзімі 1 – 1,5 жыл болып белгіленді. Бірқатар уездерде 19-25 жастағы қазақ жігіттерін әскерге мобилизациялау жүргізіліп, дені сау, дәрігерлік тексеруден өткен азаматтар алынды. Әр 25 үйден (кейбір жерлерде 50 үйден) бір азамат әскерге тартылып, жалғыз ер-азаматы бар үйлер басқа асыраушысы болмаса, әскерге алынбайтын болды.

Әскер құру ісін және оған басшылық жасауды 3 адамнан тұратын Алашорданың Әскери Кеңесі басқарды. Әскери Кеңеске большевиктерге қарсы күресу үшін әскерге жігіттер шақыру міндеті жүктелді. Қазақ жігіттерінен офицерлер дайындау үшін Орынбор қаласындағы юнкерлер училищесінің мүмкіндігі пайдаланылды. Әскер құру туралы 1918 жылы 8 маусымда Ә.Бөкейхановтың басшылығымен өткен Әскери Кеңестің қаулысында: «1.Милиция керек. 2. Милицияның аты болсын. 3. Милицияға әскер беру міндетті емес, ұлт үшін тіленіп жазылғандар болсын. 4. Милицияға керек ат, ақша жинау еркі облыстық комитетте болсын» деп көрсетілді.

Комитетте болсын» деп көрсетілді. Зерттеуші М.Әбсәметовтың пікірінше алаш әскерінің формасы болған. Жағасына жүні өсіңкі емес тері жүргізіп, пішінін мұсылман шәкірттерінің камзолына ұқсатып тіккен. Бірақ бұл форма барлық алаш әскерлерінде болмаған сияқты. Мысалы, Батыс Алашорда әскерлері бешпент, түйе шекпен, қызыл бөрік, қысқа тон киген. Ұлттық әскердің тұңғыш негізін салушы алаш әскерінің туы ақ түсті, ортасында киіз үйдің суреті және «Жасасын, Отанның адал Ұлдары!» деген жазу болған. Алашорда басшылары ұлттық әскерді барлық мүмкіндіктерді пайдаланып қаруландырып, үйретуге ұмтылғанын байқаймыз.

Алаш әскеріне қажетті әскери киім даярлауда Алашорда қайраткерлері ынтызарлық танытқан. Мәселен, М.Тынышпаевтың зайыбы Гүлбаһрам Тынышпаеваның бастамасымен әйелдер әскерге киім тігу мақсатында арнайы «әйелдер қоғамын» құрған.

Жақып атамыз елі үшін талай зобаланды басынан өткерді десеңізші, кеңес өкіметі орнаған соң ол Семей губревкомының заң бөлімінде жұмыс істеп, оның «етене араласуымен губерния бойынша соттергеу учаскелері құрылады». Біраз уақыт Семей кеңестік халық сотының мүшесі болады, Қарқаралы уездік халыққа білім беру бөлімінде және Семейде әр түрлі қызметтер атқарады. Ақбаев басқа да Алаш қайраткерлері сияқты сталиндік зобаланға түсіп, Воронежге жер аударылып, ол жақтан ауруына байланысты елге қайтарылады, Алматыға келген соң Жақып атамыз менің нағашы атам Нығыметолақожаны шақырған деседі. Нығыметолла қожа облыстық, аудандық тарихқа және облыс көлеміндегі халық аузында аңызға айналған астрономик, физик, химик. Ташкенттегі дін оқуын тәмамдаған, бабалары өзі Ақбайдың Жақыбы ауылының қожасы, Сәдір қожа тұқымы Шайхы қожаның ұлы. Нығыметолла қожаның өмір жолдары мен ұрпақтарының таралымы. Нығыметолла–халық емшісі, физика, химия оқуын бітірген. Ауру түрлерін тамыр арқылы біліп, емді содан кейін қолданған. Медициналық жолмен емдеп, арнайы аптектерге дәрі жазып беретін. Қолдан шөптен, шайдан дәрі жасап өзі емдейді екен.

Ол кісіні ел-жұрт ерекше қадірлеп, қолы емсек ауызы дуалы Ақтоғайдағы соңғы әулие деп атаған. Ол кісі де қуғын-сүргінді бастан кешкен жан. Жақып атамыздың қасында болып, жаназасын шығарып, арулап қойған Нығметолла қожа. Атамыз оны құпия сақтады ол кездегі қиын заманға байланысты айта алмай кеткен деседі. Жақып атамыз 1934 жылы 4 шілдеде қайтыс болып, Алматы облысы маңына жерлеген екен.

Жақып Ақбаев – саяси күрес қазанында қайнап, нәтижесінде халқының арнамысы боларлық дәрежеге көтеріле білген ұлттық интеллигенция өкілі. Өзі айтпақшы, оның рухы өлмейді! Қазақ халқы барда, Тәуелсіз еліміз тура жолға түсіп, ұлттық ұлы мұраттарымыз алдыңғы қатарға шығып жатқан алмағайып кезеңде ұлтын, елін, жерін сүюдің, соған қалтқысыз қызмет етудің қапысыз үлгісі болып, мәңгі жасай береді!

Ж.Есеев
Ж.Ақбай атындағы ЖОББМ Тарих пәнінің мұғалімі.